

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-29 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 18 ақпандағы № 36-15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 6041 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2022 жылғы 14 ақпандағы № 11-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 14.02.2022 № 11-3 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 360 және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 27/7 "Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-29 шешіміне (2014 жылғы 7 ақпанда "Мағжан жұлдызы" және "Вести" аудандық газеттерінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2540 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің мәтіні бойынша және Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларында, сонымен қатар Қағидалардың тақырыбында "Октябрь ауылдық округі", "Октябрь ауылдық округінің" сөздері "Аққайың ауылдық округі", "Аққайың ауылдық округінің" сөздеріне ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

*Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының хатшысы*

Ж. Хайдарова

Т. Абильмажинов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданының мәслихаты 2020
жылғы 18 ақпаны № 36-15 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013
жылғы 23 желтоқсандағы № 21-29
шешіміне қосымша

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Октябрьское ауылының тұрғындары үшін	29
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Гаврино ауылының тұрғындары үшін	21
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Зарослое ауылының тұрғындары үшін	5
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мичурино ауылының тұрғындары үшін	5
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Суворовка ауылының тұрғындары үшін	4
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Хлебобоб ауылының тұрғындары үшін	14

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК